

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ
КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖУРНАЛЫ**

**МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЖУРНАЛ
ИНФОРМАЦИОННЫХ И
КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ**

**INTERNATIONAL JOURNAL OF INFORMATION
AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES**

2022 (3) 4
Қазан-желтоқсан

ISSN 2708–2032 (print)
ISSN 2708–2040 (online)

БАС РЕДАКТОР:

Хикметов Аскар Кусупбекович — басқарма төрағасы, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің ректоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:

Колесникова Катерина Викторовна — техника ғылымдарының докторы, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, «Ақпараттық жүйелер» кафедрасының проректоры (Қазақстан)

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

Ипалакова Мадина Тулегеновна — техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ, Ғылыми-зерттеу жұмыс департаментінің директоры (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Разак Абдул — PhD, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің профессоры (Қазақстан)

Лучио Томмазо де Паолис — Саленто университетінің (Италия) инновациялар және технологиялық инженерия департаменті AVR зертханасының зерттеу және әзірлеу бөлімінің директоры

Лиз Бэкон — профессор, Абертей университеті вице-канцлердің орынбасары (Ұлыбритания)

Микеле Пагано — PhD, Пиза университетінің профессоры (Италия)

Отелбаев Мухтарбай Отелбаевич — физика-математика ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, «Математикалық және компьютерлік модельдеу» кафедрасының профессоры (Қазақстан)

Рысбайұлы Болатбек — физика-математика ғылымдарының докторы, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, «Математикалық және компьютерлік модельдеу» кафедрасының профессоры (Қазақстан)

Дайнеко Евгения Александровна — PhD, қауымдастырылған профессор, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің Жабандық серіктестік және қосымша білім беру жөніндегі проректоры (Қазақстан)

Дузбаев Нуржан Токсужаевич — PhD, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің Цифрландыру және инновациялар жөніндегі проректоры (Қазақстан)

Синчев Бахтгерей Куспанович — техника ғылымдарының докторы, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Ақпараттық жүйелер» кафедрасының профессоры (Қазақстан)

Сейлова Нүргүл Абдуллаевна — техника ғылымдарының кандидаты, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Компьютерлік технологиялар және киберқауіпсіздік» факультетінің деканы (Қазақстан)

Мухамедиева Ардак Габитовна — экономика ғылымдарының кандидаты, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Цифрлық трансформациялар» факультетінің деканы (Қазақстан)

Ыдырыс Айжан Жұмабайқызы — PhD, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Математикалық және компьютерлік модельдеу» кафедрасының менгерушісі (Қазақстан)

Шильдибеков Ерлан Жаржанович — PhD, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Экономика және бизнес» кафедрасының менгерушісі (Қазақстан)

Аманжолова Сауле Токсановна — техника ғылымдарының кандидаты, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Киберқауіпсіздік» кафедрасының менгерушісі (Қазақстан)

Ниязгулова Айгүл Аскарбековна — филология ғылымдарының кандидаты, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Медиакоммуникациялар және Қазақстан тарихы» кафедрасының менгерушісі (Қазақстан)

Айтмағамбетов Алтай Зуфарович — техника ғылымдарының кандидаты, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» кафедрасының профессоры (Қазақстан)

Алмисреб Али Абд — PhD, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің қауымдастырылған профессоры (Қазақстан)

Мохамед Ахмед Хамада — PhD, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Ақпараттық жүйелер» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Қазақстан)

Янг Им Чу — PhD, Гачон университетінің профессоры (Оңтүстік Корея)

Тадеуш Валлас — PhD, Адам Мицкевич атындағы университеттің проректоры (Польша)

Мамырбаев Өркен Жұмажанұлы — Ақпараттық жүйелер саласындағы техника ғылымдарының (PhD) докторы, ҚР БҒМ ҚҰО ақпараттық және есептеу технологиялары институты директорының ғылым жөніндегі орынбасары (Қазақстан)

Бушуев Сергей Дмитриевич — техника ғылымдарының докторы, профессор, Украинаның «УКРПНЕТ» жобаларды басқару қауымдастығының директоры, Киев ұлттық құрылыс және сәулет университетінің «Жобаларды басқару» кафедрасының менгерушісі (Украина)

Белошицкая Светлана Васильевна — техника ғылымдарының докторы, доцент, Астана IT университетінің деректер жөніндегі есептеу және ғылым кафедрасының профессоры (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР:

Ералы Диана Русланқызы — «Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ (Қазақстан)

Халықаралық ақпараттық және коммуникациялық технологиялар журналы

ISSN 2708–2032 (print)

ISSN 2708–2040 (online)

Меншіктенуші: «Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ (Алматы қ.)

Қазақстан Республикасы Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігінің Ақпарат комитетінде – 20.02.2020 жылы берілген.

№ KZ82VPY00020475 мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: ақпараттық технологиялар, әлеуметтік-экономикалық жүйелерді дамытудағы цифрлық технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік және коммуникациялық технологияларға арналған.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 100 дана

Редакцияның мекенжайы: 050040, Алматы қ-сы, Манас к-сі, 34/1, 709-кабинет, тел: +7 (727) 244-51-09).

E-mail: ijiet@iitu.edu.kz

Журнал сайты: <https://journal.iitu.edu.kz>

© Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті АҚ, 2022

© Авторлар ұжымы, 2022

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

Хикметов Аскар Кусулбекович — кандидат физико-математических наук, председатель правления - ректор Международного университета информационных технологий (Казахстан)

ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:

Колесникова Катерина Викторовна — доктор технических наук, профессор, проректор по научно-исследовательской деятельности Международного университета информационных технологий (Казахстан)

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

Ипалакова Мадина Тулегеновна — кандидат технических наук, ассоциированный профессор, директор департамента по научно-исследовательской деятельности Международного университета информационных технологий (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Разак Абдул — PhD, профессор кафедры кибербезопасности Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Лучно Томмазо де Паолис — директор отдела исследований и разработок лаборатории AVR департамента инноваций и технологического инжиниринга Университета Саленто (Италия)

Лиз Бэкон — профессор, заместитель вице-канцлера Университета Абертей (Великобритания)

Микеле Пагано — PhD, профессор Университета Пизы (Италия)

Отелбаев Мухтарбай Отелбайулы — доктор физико-математических наук, профессор, академик НАН РК, профессор кафедры математического и компьютерного моделирования Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Рысбайулы Болатбек — доктор физико-математических наук, профессор, профессор кафедры математического и компьютерного моделирования Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Дайнеко Евгения Александровна — PhD, ассоциированный профессор, проректор по глобальному партнерству и дополнительному образованию Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Дузбаев Нуржан Токкужаевич — PhD, ассоциированный профессор, проректор по цифровизации и инновациям Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Синчев Бахтгерей Куспанович — доктор технических наук, профессор, профессор кафедры информационных систем Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Сейлова Нургуль Абадуллаевна — кандидат технических наук, декан факультета компьютерных технологий и кибербезопасности Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Мухамедиева Ардак Габитовна — кандидат экономических наук, декан факультета цифровых трансформаций Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Ыдырыс Айжан Жумабаевна — PhD, ассистент профессор, заведующая кафедрой математического и компьютерного моделирования Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Шилдибеков Ерлан Жаржанович — PhD, заведующий кафедрой экономики и бизнеса Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Аманжолова Сауле Токсановна — кандидат технических наук, заведующая кафедрой кибербезопасности Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Ниязгулова Айгуль Аскарбековна — кандидат филологических наук, доцент, заведующая кафедрой медиакоммуникаций и истории Казахстана Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Айтмагамбетов Алтай Zufарович — кандидат технических наук, профессор кафедры радиотехники, электроники и телекоммуникаций Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Алмисреб Али Абд — PhD, ассоциированный профессор кафедры кибербезопасности Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Мохамед Ахмед Хамада — PhD, ассоциированный профессор кафедры информационных систем Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Янг Им Чу — PhD, профессор университета Гачон (Южная Корея)

Тадеш Валлас — PhD, проректор университета имен Адама Мицкевича (Польша)

Мамырбаев Оркен Жумажанович — PhD, заместитель директора по науке РГП Института информационных и вычислительных технологий Комитета науки МНВО РК (Казахстан)

Бушуев Сергей Дмитриевич — доктор технических наук, профессор, директор Украинской ассоциации управления проектами «УКРНЕТ», заведующий кафедрой управления проектами Киевского национального университета строительства и архитектуры (Украина)

Белошицкая Светлана Васильевна — доктор технических наук, доцент, профессор кафедры вычислений и науки о данных Astana IT University (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР:

Ералы Диана Русланқызы — АО «Международный университет информационных технологий» (Казахстан).

Международный журнал информационных и коммуникационных технологий

ISSN 2708-2032 (print)

ISSN 2708-2040 (online)

Собственник: АО «Международный университет информационных технологий» (г. Алматы).

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан № KZ82VPY00020475, выданное от 20.02.2020 г.

Тематическая направленность: информационные технологии, информационная безопасность и коммуникационные технологии, цифровые технологии в развитии социо-экономических систем.

Периодичность: 4 раза в год.

Тираж: 100 экземпляров.

Адрес редакции: 050040 г. Алматы, ул. Манаса 34/1, каб. 709, тел: +7 (727) 244-51-09).

E-mail: ijict@iitu.edu.kz

Сайт журнала: <https://journal.iitu.edu.kz>

© АО Международный университет информационных технологий, 2022

© Коллектив авторов, 2022

EDITOR-IN-CHIEF:

Khikmetov Askar Kusupbekovich — Candidate of Physical and Mathematical Sciences, Chairman of the Board, Rector of International Information Technology University (Kazakhstan)

DEPUTY CHIEF DIRECTOR:

Kolesnikova Katerina Viktorovna — Doctor of Technical Sciences, Vice-Rector of Information Systems Department, International Information Technology University (Kazakhstan)

SCIENTIFIC SECRETARY:

Ipalakova Madina Tulegenovna — Candidate of Technical Sciences, Associate Professor, Director of the Research Department, International University of Information Technologies (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD:

Razaq Abdul — PhD, Professor of International Information Technology University (Kazakhstan)

Lucio Tommaso de Paolis — Director of Research and Development, AVR Laboratory, Department of Innovation and Process Engineering, University of Salento (Italy)

Liz Bacon — Professor, Deputy Director, and Deputy Vice-Chancellor of the University of Abertay. (Great Britain)

Michele Pagano — Ph.D., Professor, University of Pisa (Italy)

Otelbaev Mukhtarbay Otelbayuly — Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Professor of the Department of Mathematical and Computer Modeling of International Information Technology University (Kazakhstan)

Rysbayuly Bolatbek — Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Professor of the Department of Mathematical and Computer Modeling, International Information Technology University (Kazakhstan)

Daineko Yevgeniya Alexandrovna — PhD, Associate Professor, Vice-Rector for Global Partnership and Continuing Education, International Information Technology University (Kazakhstan)

Duzbaev Nurzhan Tokkuzhaevich — Candidate of Technical Sciences, Vice-Rector for Digitalization and Innovations, International Information Technology University (Kazakhstan)

Sinchev Bakhtgerey Kuspanuly — Doctor of Technical Sciences, Professor of the Department of Information Systems, International Information Technology University (Kazakhstan)

Seilova Nurgul Abdullaevna — Candidate of Technical Sciences, Dean of the Faculty of Computer Technologies and Cybersecurity, International Information Technology University (Kazakhstan)

Mukhamedieva Ardak Gabitovna — Candidate of Economic Sciences, Dean of the Faculty of Digital Transformations, International Information Technology University (Kazakhstan)

Idyrys Aizhan Zhumabaevna — PhD, Head of the Department of Mathematical and Computer Modeling, International Information Technology University (Kazakhstan)

Shildibekov Yerlan Zharzhanuly — PhD, Head of the Department of Economics and Business, International Information Technology University (Kazakhstan)

Amanzholova Saule Toksanovna — Candidate of Technical Sciences, Head of the Department of Cyber Security, International Information Technology University (Kazakhstan)

Niyazgulova Aigul Askarbekovna — Candidate of Philology, Head of the Department of Media Communications and History of Kazakhstan, International Information Technology University (Kazakhstan)

Aitmagambetov Altai Zufarovich — Candidate of Technical Sciences, Professor of the Department of Radioengineering, Electronics and Telecommunication, International Information Technology University (Kazakhstan)

Almisreb Ali Abd — PhD, Associate Professor, International Information Technology University (Kazakhstan)

Mohamed Ahmed Hamada — PhD, Associate Professor, Department of Information systems, International Information Technology University (Kazakhstan)

Young Im Choo — PhD, Professor, Gachon University (South Korea)

Tadeusz Wallas — PhD, University of Dr. Litt Adam Miskevich in Poznan (Poland)

Mamyrbayev Orken Zhumazhanovich — PhD in Information Systems, Deputy Director for Science, Institute of Information and Computing Technologies CS MSHE RK (Kazakhstan)

Bushuyev Sergey Dmitriyevich — Doctor of Technical Sciences, Professor, Director of Удoктoр тeхнических наук, профессор, директор Ukrainian Association of Project Management UKRNET, Head of Project Management Department, Kyiv National University of Construction and Architecture (Ukraine)

Beloshitskaya Svetlana Vasilyevna — Doctor of Technical Sciences, Associate Professor, Professor of the Department of Computing and Data Science, Astana IT University (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Eraly Diana Ruslankyzy — International Information Technology University (Kazakhstan)

«International Journal of Information and Communication Technologies»

ISSN 2708–2032 (print)

ISSN 2708–2040 (online)

Owner: International Information Technology University JSC (Almaty).

The certificate of registration of a periodical printed publication in the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan, Information Committee No. KZ82VPY00020475, issued on 20.02.2020.

Thematic focus: information technology, digital technologies in the development of socio-economic systems, information security and communication technologies

Periodicity: 4 times a year.

Circulation: 100 copies.

Editorial address: 050040, Manas st. 34/1, Almaty, +7 (727) 244-51-09). E-mail: ijict@iitu.edu.kz

Journal website: <https://journal.iitu.edu.kz>

© International Information Technology University JSC, 2022

© Group of authors, 2022

МАЗМҰНЫ

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ӨЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БІЛІМ ИНЖЕНЕРИЯСЫ

Қашқынбай С.М.

ROBOTIC PROCESS AUTOMATION (RPA) ЖҮЙЕЛЕРІН БИЗНЕСТЕ
ҚОЛДАНУ.....8

Нрекенова А.С., Құмарғазанова С.К.

SMART UNIVERSITY ҮШІН КЕҢЕЙТІЛГЕН ШЫНДЫҚ МОДУЛІ.....22

Сарсенбек Қ.

БЕЙНЕ ОЙЫНДАРДАҒЫ ӘРЕКЕТ СЦЕНАРИЙЛЕРІН МОДЕЛЬДЕУ
ҮШІН АФФЕКТИВТІ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ.....34

ИНФОКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ЖЕЛІЛЕР ЖӘНЕ КИБЕРҚАУІПСІЗДІК

Насылбекова А.Е., I. Khlevna

ПАССИВТІ ОПТИКАЛЫҚ ЖЕЛІЛЕРДЕГІ КВАНТТЫҚ КІЛТТЕРІНІҢ
БӨЛУІНІҢ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛДАУЫ.....41

Байтілес Р.Е., Омаров Б.С.

МАШИНАЛЫҚ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ НЕСИЕ КАРТАСЫНЫҢ АЛАЯҚТЫҒЫН
АНЫҚТАУ.....57

ЗИЯТКЕРЛІК ЖҮЙЕЛЕР

Гамри Х.А., Омаров Б.С., Bohdan Haidabrus

РЕНТГЕНДІК СУРЕТТЕ ПНЕВМОНИЯНЫ АНЫҚТАУДЫҢ ТЕРЕҢ
ОҚУ ӘДІСТЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ.....70

Жағыпар А.Б.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЕШЕНДІ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ЦИФРЛЫҚ
ШЕШІМДЕРДІҢ ӘСЕРІ.....84

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТТЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Даутбекова Б.

НАША, АЛКОГОЛЬ, ШЫЛЫМ ПАЙДАЛАНУ СЕКІЛДІ ДЕНСАУЛЫҚҚА
ЗИЯН ӘРЕКЕТТЕРДІҢ ҚАЗАҚ МЕДИАСЫНДАҒЫ ПРОПАГАНДАСЫ:
ҚАЗАҚТІЛДІ ИНТЕРНЕТТЕГІ ЕҢ КӨП ҚАРАЛҒАН ВЕБ СЕРИАЛДАРДЫҢ
МЫСАЛЫНДА.....93

СОДЕРЖАНИЕ

РАЗРАБОТКА ПРОГРАММНОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ И ИНЖЕНЕРИЯ ЗНАНИЙ

Кашкынбай С.М.

ПРИМЕНЕНИЕ СИСТЕМ ROBOTIC PROCESS AUTOMATION (RPA)
В БИЗНЕСЕ.....8

Нурекенова А.С., Кумаргажанова С.К.

МОДУЛЬ ДОПОЛНЕННОЙ РЕАЛЬНОСТИ ДЛЯ SMART-УНИВЕРСИТЕТА...22

Сарсенбек Қ.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТОДОВ АФФЕКТИВНЫХ ВЫЧИСЛЕНИЙ ДЛЯ
МОДЕЛИРОВАНИЯ СЦЕНАРИЕВ ДЕЙСТВИЙ В ВИДЕО ИГРАХ.....34

ИНФОКОММУНИКАЦИОННЫЕ СЕТИ И КИБЕРБЕЗОПАСНОСТЬ

Насылбекова А.Е., I. Khlevna

АНАЛИЗ БЕЗОПАСНОСТИ РАСПРЕДЕЛЕНИЯ КВАНТОВЫХ КЛЮЧЕЙ
В ПАССИВНЫХ ОПТИЧЕСКИХ СЕТЯХ.....41

Байтилес Р.Е., Омаров Б.С.

ВЫЯВЛЕНИЕ МОШЕННИЧЕСТВА С КРЕДИТНЫМИ КАРТАМИ
С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МАШИННОГО ОБУЧЕНИЯ.....57

ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЕ СИСТЕМЫ

Гамри Х.А., Омаров Б.С., Bohdan Haidabrus

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ МЕТОДОВ ГЛУБОКОГО ОБУЧЕНИЯ ДЛЯ
ВЫЯВЛЕНИЯ ПНЕВМОНИИ НА РЕНТГЕНОВСКИХ ИЗОБРАЖЕНИЯХ.....70

Жағыпар А.Б.

ВЛИЯНИЕ ЦИФРОВЫХ РЕШЕНИЙ НА ОРГАНИЗАЦИЮ
ЭНЕРГЕТИЧЕСКОГО КОМПЛЕКСА.....84

ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В РАЗВИТИИ СОЦИО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ СИСТЕМ

Даутбекова Б.

ПРОБЛЕМАТИКА ПРОДВИЖЕНИЯ ДЕСТРУКТИВНОГО ПОВЕДЕНИЯ
В КАЗАХСКИХ СМИ: ПРОПАГАНДА УПОТРЕБЛЕНИЯ АЛКОГОЛЯ
И ТАБАКА: НА ПРИМЕРЕ САМЫХ ПРОСМАТРИВАЕМЫХ
ВЕБ-СЕРИАЛОВ В КАЗАХСКОМ СЕГМЕНТЕ ИНТЕРНЕТ.....93

CONTENTS

SOFTWARE DEVELOPMENT AND KNOWLEDGE ENGINEERING

Kashkynbay S.M.

APPLICATION OF ROBOTIC PROCESS AUTOMATION (RPA) SYSTEMS
IN BUSINESS.....8

Nurekenova A.S., Kumargazhanova S.K.

AUGMENTED REALITY MODULE FOR SMART UNIVERSITY.....22

Sarsenbek K.

USING AFFECTIVE COMPUTING METHODS TO SIMULATE
ACTION SCENARIOS IN VIDEO GAMES.....34

INFOCOMMUNICATION NETWORKS AND CYBERSECURITY

Nasyzbekova A.E., I. Khlevna

SECURITY ANALYSIS OF THE DISTRIBUTION OF QUANTUM KEYS
IN PASSIVE OPTICAL NETWORKS.....41

Baitiles R.Ye., Omarov B.S.

DETECTING CREDIT CARD FRAUD USING MACHINE LEARNING.....57

INTELLIGENT SYSTEMS

Gamri K.A., Omarov B.S., Bohdan Haidabrus

COMPARATIVE ANALYSIS OF DEEP LEARNING METHODS FOR
PNEUMONIA DETECTION ON X-RAY IMAGES.....70

Zhagypar A.B.

THE IMPACT OF DIGITAL SOLUTIONS ON THE ORGANIZATION
OF THE ENERGY COMPLEX.....84

DIGITAL TECHNOLOGIES IN THE DEVELOPMENT OF SOCIO-ECONOMIC SYSTEMS

Dautbekova B.

PROBLEMS OF PROMOTION OF DESTRUCTIVE BEHAVIOR
IN THE KAZAKH MEDIA: PROPAGANDA OF ALCOHOL AND TOBACCO
USE: ON THE EXAMPLE OF THE MOST VIEWED WEB SERIES IN THE
KAZAKH SEGMENT OF THE INTERNET.....93

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТТЕГІ ЦИФРЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В РАЗВИТИИ СОЦИО-
ЭКОНОМИЧЕСКИХ СИСТЕМ

DIGITAL TECHNOLOGIES IN THE DEVELOPMENT OF SOCIO-
ECONOMIC SYSTEMS

INTERNATIONAL JOURNAL OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES

ISSN 2708–2032 (print)

ISSN 2708–2040 (online)

Vol. 3. Is. 4. Number 12 (2022). Pp. 93-103

Journal homepage: <https://journal.iitu.edu.kz>

<https://doi.org/10.54309/IJICT.2022.12.4.008>

УДК 79.791.4(070)

**PROBLEMS OF PROMOTION OF DESTRUCTIVE BEHAVIOR IN THE
KAZAKH MEDIA: PROPAGANDA OF ALCOHOL AND TOBACCO USE: ON
THE EXAMPLE OF THE MOST VIEWED WEB SERIES IN THE KAZAKH
SEGMENT OF THE INTERNET**

B. Dautbekova, A. Alzhan*

Dautbekova Bayan, University named after Suleiman Demirel, Master's degree in Media Studies and Journalism

Aksaule Alzhan, University named after Suleiman Demirel, senior lecturer

© B. Dautbekova, A. Alzhan, 2022

Abstract. This article is devoted to the phenomenon of web series, which have gained particular popularity in the 21st century due to the global spread of the Internet and the emergence of various gadgets. The study defines the term "web series" and identifies factors that increase its popularity. At the same time, the audience's demand for domestic web products is analyzed, the content and cognitive aspects are analyzed. Since web products are not subject to creative requirements and restrictions, authors allow unethical things in order to freely and openly express their thoughts. The author pays special attention to the problem of propaganda of inappropriate words and actions dangerous to the life of the audience, and studies them from a scientific point of view. In the study, the web series is considered as a product of mass culture, distributed only on the Internet site and for a specific audience, and the concept of web culture is differentiated on the example of works published in recent years. To determine the quality and rating of domestic web series, which are widely recognized among young



people, a focus group was organized, and the opinion of experts regarding the creative search in the production of series was also taken into account.

Keywords: web series, Internet space, format, resource, experiment, streaming, content

For citation: B. Dautbekova, A. Alzhan. Problems of promotion of destructive behavior in the kazakh media: propaganda of alcohol and tobacco use: on the example of the most viewed web series in the kazakh segment of the internet // INTERNATIONAL JOURNAL OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES. 2022. Vol. 3. Is. 4. Number 12. Pp. 93-103 (In Russ.). DOI: 10.54309/IJICT.2022.12.4.008.

НАША, АЛКОГОЛЬ, ШЫЛЫМ ПАЙДАЛАНУ СЕКІЛДІ ДЕНСАУЛЫҚҚА ЗИЯН ӘРЕКЕТТЕРДІҢ ҚАЗАҚ МЕДИАСЫНДАҒЫ ПРОПАГАНДАСЫ: ҚАЗАҚТІЛДІ ИНТЕРНЕТТЕГІ ЕҢ КӨП ҚАРАЛҒАН ВЕБ СЕРИАЛДАРДЫҢ МЫСАЛЫНДА

Б. Даутбекова, А. Әлжан*

Даутбекова Баян — Сүлеймен Демирел атындағы университет, «Медиа зерттеулер және журналистика» мамандығының магистранты

Ақсәуле Әлжан — Сүлеймен Демирел атындағы университет, сениор-лектор

© Б. Даутбекова, А. Әлжан, 2022

Аннотация. Бұл мақала Интернеттің жаһандық таралуына және түрлі гаджеттердің пайда болуына байланысты ХХІ ғасырда ерекше танымалдылыққа ие болған веб-сериалар феноменіне арналады. Зерттеуде «веб-сериал» терминіне анықтама беріліп, оның танымалдылығын арттырып отырған факторлар айқындалады. Сонымен қатар, дәл қазіргі таңдағы Отандық веб-туындыларға деген аудитория сұранысы талданып, мазмұндық, танымдық жағына талдау жасалады. Веб-өнімдерге шығармашылық талап пен шектеулер қойылмағандықтан, авторлар өз ойларын еркін, ашық жеткізу мақсатында этикаға қайшы жайттарға жол беріп отыр. Лексикаға сай келмейтін былапыт сөздер, аудитория өміріне қауіпті зиянды әрекеттердің насихатталу мәселесін автор басты назарға алып, ғылыми тұрғыда зерделейді. Зерттеуде веб-сериал тек Интернет платформада және белгілі бір аудитория үшін таратылатын бұқаралық мәдениет өнімі ретінде қарастырылып, соңғы жылдары жарық көрген туындылар мысалында веб-мәдениет түсінігін сараланады. Мақалада заманауи мәдени диалогты дамытуда веб-сериялардың рөлі қандай деген сауалға да жауап ізделеді. Жастар арасында кең танылып жүрген Отандық веб-сериалдардың сапасы мен рейтингін анықтау мақсатында фокус топ ұйымдастырылып, сериалдар өндірісіндегі шығармашылық ізденіс турасында мамандар пікірі назарға алынды.

Түйін сөздер: веб-сериал, интернет кеңістік, формат, ресурс, эксперимент, стриминг, флэшфорвард, контент

Дәйексөз үшін: Б. Даутбекова, А. Әлжан. Наша, алкоголь, шылым пайдалану



секілді денсаулыққа зиян әрекеттердің қазақ медиасындағы пропагандасы: қазақтілді интернеттегі ең көп қаралған веб сериалдардың мысалында // ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖУРНАЛЫ. 2022. Том. 3. Is. 4. Нөмірі 12. 93-103 бет (орыс тілінде). DOI: 10.54309/IJICT.2022.12.4.008.

ПРОБЛЕМАТИКА ПРОДВИЖЕНИЯ ДЕСТРУКТИВНОГО ПОВЕДЕНИЯ В КАЗАХСКИХ СМИ: ПРОПАГАНДА УПОТРЕБЛЕНИЯ АЛКОГОЛЯ И ТАБАКА: НА ПРИМЕРЕ САМЫХ ПРОСМАТРИВАЕМЫХ ВЕБ-СЕРИАЛОВ В КАЗАХСКОМ СЕГМЕНТЕ ИНТЕРНЕТ

Б. Даутбекова*, А. Альжан

Даутбекова Баян — Университет им. Сулеймана Демиреля, магистрант специальности "Медиа исследования и журналистика"

Аксауле Альжан — Университет им. Сулеймана Демиреля, сениор-лектор

© Б. Даутбекова, А. Альжан, 2022

Аннотация. Данная статья посвящена феномену веб-сериалов, которые приобрели особую популярность в XXI веке в связи с глобальным распространением Интернета и появлением различных гаджетов. В исследовании дается определение термина «веб-сериал» и выявляются факторы, повышающие его популярность. При этом анализируется спрос аудитории на отечественные веб-продукты, анализируются содержательный и познавательный аспекты. Поскольку к веб-продуктам не предъявляются творческие требования и ограничения, авторы допускают неэтичные вещи, чтобы свободно и открыто выражать свои мысли. Особое внимание автор уделяет проблеме пропаганды неуместных слов и действий, опасных для жизни аудитории, и изучает их с научной точки зрения. В исследовании веб-сериал рассматривается как продукт массовой культуры, распространяемый только на интернет-площадке и для определенной аудитории, а также дифференцируется понятие веб-культуры на примере произведений, опубликованных в последние годы. Для определения качества и рейтинга отечественных веб-сериалов, пользующихся широким признанием среди молодежи, была организована фокус-группа, а также учтено мнение экспертов относительно творческого поиска в производстве сериалов.

Ключевые слова: веб-сериал, интернет-пространство, формат, ресурс, эксперимент, стриминг, флэшфорвард, контент

Для цитирования: Б. Даутбекова, А. Альжан. Проблематика продвижения деструктивного поведения в казахских сми: пропаганда употребления алкоголя и табака: на примере самых просматриваемых веб-сериалов в казахском сегменте интернет // МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЖУРНАЛ ИНФОРМАЦИОННЫХ И КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ. 2022. Том. 3. Is. 4. Номер 12. Стр. 93-103 (на русском языке). DOI: 10.54309/IJICT.2022.12.4.008.



Кіріспе

Жаңа технологиялардың және интернет желісінің қарқынды дамуы қазақстандық контенттің көбеюіне де ықпал етті. Интернет авторларға үлкен мүмкіндік беретін шығармашылық кеңістікке айналды. Десек те бұл ортаның өз талабы мен шарттары бар. Ал веб-сериал – осы плаформаның негізгі форматы.

Веб-сериалдар түсіру Қазақстанда 2019 жылы басталса, Ресей мен Еуропа елдерінде оның танылғанына он жылдан астам уақыт болды. Сол себепті бұл мемлекеттер бейнеплатформаның талап — мүдделерін жақсы меңгеріп, жаңа ортада кәсіби контенттерімен танылып отыр. Ал біздер бұл тұрғыда әлі тәжірибе жинақтау үстіндеміз.

Соған қарамастан интернет платформаларда әр түрлі форматта, жанрда отандық авторлардың өнімдері жарыққа шығып, рейтинг жағынан да жоғары көрсеткішке жетіп отыр. Әсіресе әлемдік пандемия кезінде желідегі қазақ тілді контент саны айтарлықтай артты.

«Веб-сериал» термині де салыстырмалы түрде жақында пайда болды. Оны ең алдымен қолданысқа енгізген медиаөндіріс саласының мамандары, соның ішінде продюсерлер. Сондықтан бұл терминге түрлі анықтама беріледі.

Мұндай өнімді алғашқылардың бірі болып Канада мен АҚШ шығарған. Дәл қазіргі таңда Австралия веб-сериалдар өндірісі бойынша көш бастап тұр.

Бұл мақалада біз веб-сериалды интернет-платформа үшін жасалған, қарапайым баяндау және сериалық құрылымы бар аудиовизуалды өнер туындысындағы адам денсаулығына кері әсер беретін әрекеттердің насихатталу мәселесін назарға аламыз.

Елімізде жалпы веб-сериалдарға қатысты ғылыми зерттеулер өте аз. Бірлі-жарым шағын зерттеу еңбектері болмаса, ауқымды жұмыстарды кездестіре алмадық. Сондықтан жұмыс барысында негізінен контент сараптамаға баса назар аударылды.

Бұл форматтың Қазақстан нарығына келгеніне төрт жылға жуық өтсе де бірнеше сериал түсіріп, халықаралық байқауларға қатысып үлгерді.

Отандық веб-сериалдың алғашқылары Э. Шибановтың «Трезвоз» және Е. Телемісовтың «Всемогущий» туындылары. «Сериалға жай ғана ойын-сауықтың өнім ретінде қарауға болмайды, ол күшті идеологиялық құрал», — дейді «BAS Production» студиясының бас продюсері Ақылбек Досжанов. Оның пайымдауынша, бұл елдің PR-ына, оның шығармашылық ресурстары мен экономикасын дамытуға қосымша мүмкіндік. Мысалы, түрік телешоулары әрқашан шоу-бизнес, олардың дамуы және құрылыс компаниялары, демалыс орындары туралы көп ақпарат береді. Сол арқылы осы салаларының дамуына ықпал етіп отыр (<https://kz.kursiv.media/2021-06-26/kak-i-zachem-v-kazakhstan-serialy>). Маман бұл арқылы веб-өнімдердің бір қырына тоқталса, екінші жағынан қоғамда өнім мазмұнына байланысты мәселе туындауда. YouTube-қа телеарна секілді шығармашылық талап пен шектеулер қоймағандықтан, контент авторлары ойды ашық, шынайы жеткіземіз деп этикаға жат дүниелерді бере алады. Лексикалық нормаға кірмейтін былапыт сөздер, ашық төсек сахналары,



наша, алкогольді ішімдік пен шылым шегу секілді зиянды әрекеттерді шектен тыс көрсетіп кетті. Бұл қаншалықты орынды және оның аудиторияға тигізер әсері қандай болмақ деген сауалдарға ғылыми тұрғыда жауап ізделеді.

Материалдар мен әдістер, нәтижелер

Веб-сериал — желіде көрсетілетін кез-келген шоу. Зерттеуші Т. Кляйинның пайымдауынша, «веб-сериалы скорее являются частью партициптивной культуры, чем телевизионные сериалы, которые используют интернет как дополнительную платформу для продвижения и распространения медиапродуктов» (Klein, 2014: 14). Демек, интернет-ортаға тән партициптивті мәдениетті қалыптастырушы, яғни аудитория тек өнімді көріп қана қоймай, оны демеушісі немесе сериалдың кейіпкеріне айналуы мүмкін. Телеарнамен салыстырғанда көрерменмен кері байланыстың күші зор.

Веб-сериал телеарнаға арналмаған. Оған қойылатын талап та қатаң емес. Қысқа хронометраж, уақытша ғана маңызға ие тақырып, эксперименттік форма және шағын бюджет (Малюкова, 2023). Медиаман Н. Галева көрсетіп отырған уақытша сұранысқа ие тақырып пен эксперименттік форма сериал авторларының өз ойын ашық жеткізуге, тіпті жанр, сюжетпен түрлі тәжірибе жүргізуге, көрерменмен әртүрлі эксперимент жүргізуге әкеп отыр. Сәйкесінше, интернет контент өндірудің мақсаты және авторлардың мотивациясының өзгеруіне әкелді. Сериал авторлары үшін интернет қолжетімді ортаға айналып, тәуелсіз авторлардың көбеюіне, олардың шығармашылықтарының танымал болуына жол ашты. Интернет орта телевизияда тыйым салынған тақырыптарды, сонымен бірге сұраныс тудырып отырған мәселелерді көтеруге мүмкіндік беріп отыр.

Веб-сериалдар YouTube немесе стриминг платформаларға арналған туынды болғанымен, қазір бұған телеарналар, онлайн-кинотеатрлар ұсыныс білдіре бастады. Туындылардың желідегі өтімділігі үлкен экранның сұранысына алып келді.

Мамандар пікіріне сүйенсек, мұндай туындылар «клиптік көрермен» үшін өте ыңғайлы. Ал клиптік аудиторияның басым бөлігі жасөспірімдер мен жастар. Сондықтан олар телесериалдарға қарағанда оқиганы тез жеткізіп, ерекше визуалды қатарлармен баулуға тырысады. Түрлі түсті графикалық элементтер, кадрлардың тез ауысуы және монтаж тілінің айырықша болуы – веб-сериалдың негізгі көрсеткіші. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, интернет үшін бастапқы алты секунд ең маңызды кезең. Ресейлік танымал продюсер А. Калининнің сөзіне жүгінсек, интернетте 6 секунд үшінде көрерменді ұстап қалмасаңыз, 14+ аудитория бірден басқа арнаға ауысады (Малюкова, 2023). Осындай көрермендерін жоғалтпауы үшін олар жобаның бір сериясының хронометражын 3-тен 15 минут аралығында етіп түсіреді және алғашқы секундтарында ең ерекше кадрлардан, анайы сөздерден, адам ойына келе бермейтін жағдайлардан, сюжеттің шешуші сәттерінен флэшфорвард береді.

Қысқа сериалды кез-келген жерде қоғамдық көлікте немесе таксиде көруге ыңғайлы. Ал НВО сериалдарының бір сериясы 40-50 минут. Маусымды толығымен көріп шығу үшін кем дегенде 15–20 сағат кетеді. Ал веб-сериалдың бір маусымына кететін уақыт – 40 не 90 минут.



«Шағын веб-сериал түсіру — жеке өндірушілер үшін тиімді. Олар аз уақыт ішінде аудиторияға танымал болып, өз ерекшеліктерімен көзге түседі» (Галеева, 2022: 394).

Жоғарыда атап өткеніміздей, мұндай өнімнің аудитория ауқымы тар. Бұл дегеніміз көрерменнің шағын бір тобы көреді деген сөз. Ал бүгінде қазақ тілді веб-сериалдар қатары күннен күнге артып келеді. Қазақ веб-сериалдарының өндірісінде «Salem Social Media» компаниясы көш бастап тұр. Қазіргі таңда аталған компания қоржынында 31 жоба бар, оның ішінде 13 жоба 18+, бір жоба 21+ аудиторияға арналған.

Кесте 1 - Қаралым көрсеткіші жоғары веб-сериалдар

Туынды атауы	Қаралым саны
Сержан Братан	50 млн
Sheker	40 млн
Сәке	28 млн
Сүйкімді сторис	19 млн
Бизнесмен Қанат	10 млн

Мамандардың сөзіне жүгінсек, қазақ тілді контент саны артты деп қуануға әлі ерте. Мұндай сериал сюжеттерінің мазмұны ақсап тұр. Сол себепті туындылардың осы көрсеткішін жетілдіру керек. Себебі есірткі, темекі, алкоголь, жезөкшелік, буллинг сияқты зиянды құбылыстар насихаттау бірқатар веб-сериалдың негізі болып кеткен.

Жастар арасында кең танылып жүрген сериалдардың сапасы мен рейтингін анықтау мақсатында фокус топ ұйымдастырылды. Оған 20–24 аралығындағы 50 адам қатысты.

Кесте 2 - Фокус-топ нәтижесі

Сауалдар жауабы	ФТ көрсеткіші
Веб-сериалдарды үнемі көретіндер	46 % (23/50)
Отандық веб-сериалдарды мүлдем қарамайтындар саны	36 % (18/50)
Қазақстандық веб-сериалдардың сапасы артқан, әсіресе визуалдық жағы жоғары деген пікірді ұстанғандар қатары	40 % (20/50)

Кестеде көрсетілгендей (2-кесте), веб-сериалдар көретіндер қатары артқан. Біз сауал жолдаған 50 адамның 23-і (46 %) желілік сериалдардың тұрақты көрермендері. Визуалдық жағынан сапасы жоғарылаған, сол себепті көрермен назарын аударып отыр дегендер саны 20 (50 адамның ішінен), 40 %-ды көрсетіп отыр. Отандық веб-сериалды қарамайтындардың көрсеткіші 36 % (50 адамның 18-і).

Зерттеуші Т Роговтың пайымдауынша, веб-сериалдар адамның дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарасына ықпал ете отырып, әлеуметтік-мәдени кеңістік қалыптастырады (Рогов, 2022: 196). Демек, өнім авторларына қойылатын талапты күшейту қажет. Олар бұл арқылы тек пайда немесе көрермен жинап қана қоймай, ұрпақ тәрбиесіне әсер ететіндіктерін ұмытпауы керек.



Жастар арасында кеңінен танымал болған сериал «Sheker». Екі маусымы жарық көрген (20 серия). Әр бөлімі YouTube алаңында 4–6 млн қаралым жинап, 60–130 мыңнан астам лайк пен 2–4 мың пікір қалдырылған.

«Sheker» сериалының желісі оқудан шығып қалған жігіттің ақша табу үшін синтетикалық наркотикті жеткізуші курьер жұмысына орналасуынан басталады. Жеңіл жолмен ақша табудың жолына түскен жігіттің түрлі әрекеттері назарға алынады. Бір қарағанда сюжетте адасқан жастың өмірі бейнеленді деген ой келуі мүмкін. Алайда көрсетілімнен наша қандай жолмен, қалай алуға болатыны және делдалдарды табу жолдары анық көрсетіледі. Бұл тұстан туындыдан насихаттық сипатты байқаймыз.

Ал веб-жобаның екінші маусымында нашаның мефедрон түрін жасау тәсілдері нақты беріледі. Сонымен қоса наша тарату, жасау, қолдану, шылым шегу, алкогольге тәуелділік, зорлық-зомбылық туралы бірнеше эпизод ұсынылады (<https://www.youtube.com/playlist?list=PL083gKmQpxkXBXkP7b5UP9tNWUcE-qv4d>).

Бұл бейнелердің басым бөлігі ірі планда, анық жеткізілгендіктен ақпараттықпен қоса, насихаттық сипаттың басымдығын тағы да көреміз. Зерттеулер көрсетіп отырғандай, желілік жобалардың аудиториясы жасөспірімдер болғандықтан олардың ақпараттық-танымдық көзқарасының әлі де қалыптасып үлгермегендігін ескерсек, мұндай сериалдардың болашақ ұрпақ тәрибесіне кері ықпалы болары анық.

Кесте 3 - «Sheker» сериалындағы зиянды әрекеттер көрсеткіші

Зиянды әрекеттер	1-маусым 1-бөлім	1-маусым 2-бөлім	1-маусым 3-бөлім
Балағат сөздер	27	47	32
Шылым	3	1	4
Наша	17	23	9
Алкоголь	2		9
Нашаның кері әсері	-	12	2
Ұрып-соғу/зорлық-зомбылық	-	1	7

Кестеде көрсетілгендей, «Sheker» – де балағат сөздердің қатары әр маусымдағы шығарылымда артқанын байқаймыз. Шылымға қатысты эпизодтар қатары нашамен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Наша сату, тарату және пайдалану әрекеттерін көрсету жағдайы ең алдыңғы орында тұр. Ал оның кері әсерін айту, көрсету мәселесі салыстырмалы түрде орта деңгейде болғанымен, насихаттық сипаты басымдық танытып тұр. Сериалдардың қысқа метраждылығын ескерсек, ондағы ұрып-соғу, зорлық жағдайының да көрсеткішін жоғары деп тануға болады.

Ютубта әр бөлімі 1 млн-нан астам қаралым жинаған туынды — «Эскорт». 12 бөлімнен тұрады. Әр серияның хронометражы 15–23 минут. Туындының әр шығарылымы 9–26 мыңнан астам лайк жинап, пікір жазғандар саны екі мыңға жуықтаған.

Сериалдың басты кейіпкері – бойжеткен. Ол жеңіл жүріс арқылы ақша табады (https://www.youtube.com/results?search_query=%D0%AD%D1%81%D0%BA%D0%BE%D1%80%D1%82+%D1%81%D0%B5%D1%80%D0%B8%D0%B0%D0%BB%D1%8B+).

Сериал режиссері Қ. Бейсековтің айтуынша, осы өнім арқылы қыздарға жеңіл ақша табу жақсылыққа әкеп соқтырмайтынын түсіндіргісі келген (<https://ru.sputnik.kz/20210925/V-Seti-aktivno-obsuzhdayut-kazakhstanskiy-serial-obeskornitsakh-18230358.html>). Режиссердің бұл ойы жүзеге асқанымен, оны іске асыруда қолданған әрекеттерінде көрерменге кері әсер беретін тұстары басым. Мұнда да наша қолдану, шылым шегу, алкогольге тәуелділік, жезөкшелік қызмет, ашық төсек қатынасы сияқты сахналар жетерлік.

Кесте 4 - «Эскорт» сериалындағы зиянды әрекеттер көрсеткіші

Зиянды әрекеттер	1-бөлім	2-бөлім
Балағат сөздер	10	5
Шылым	4	2
Наша	4	-
Алкоголь	4	9
Ашық төсек қатынасы	9	6

Бұл сериалда да балағат сөзге басымдық берген. Ашық төсек қатынасының көрсетілуі көрсеткіштің басында тұрса, ішімдікпен қатысты әрекеттер қатары екінші сатыда. Екінші бөлімде тіпті оның көрсетуі екі есеге көбейген. Нашамен байланысты эпизодтар да бар. Оған тек бірінші бөлімде орын берген.

Аталған сериалдарға сараптама жасай отырып, зиянды әрекеттерді беру көрсеткіштеріне қарай мынандай тұжырымдарға келдік:

1. Сериалдардың бір бөлімі орташа есеппен 15–20 минут екенін ескерсек, әр минутта 2–3 боқтық сөз айтылады. Сценарист пен режиссерлер бұл арқылы сериалды шынайы өмірге ұқсастырып түсірген, дегенмен, бала мен жасөспірімді қарастырмағанның өзінде, жастар арасындағы мәдениеттің қалыптасуына теріс әсері болатыны анық;

2. Наша мен шылымның да сериалдағы шектен тыс бейнелері көрерменге психологиялық тұрғыда белгілі бір дәрежеде теріс әсер етері сөзсіз. Наркотикті қолданған адамның сезімін бейнелейтін сахналар көрерменді қызықтырып, дәмін татып көруге итермелейді;

3. Алкоголь мен ашық төсек сахналары тек ер жігіттердің ғана емес, қыздардың да қоғамдағы тәрбиесі мен мәдениетіне кері ықпалы зор. Сериалда жастар арасында жеңіл ақша табу, нашақорлыққа итермелейтін түсініктерді насихаттайтын этикаға қарсы сахналар жетерлік.

Туынды режиссерларының сөзіне жүгінер болсақ, бұл — қоғамдағы заманауи проблемалар. Қоғамда, жастар арасында бар жайттарды көрсетудеміз. Әрине, көрермен саналы болса, тәрбиелік мақсатты түсіне алады. Бірақ, аудитория бірдей түсінік деңгейінде деп айту қиын. Автор мен шығармашылық топ 18+ сериалдардағы жауапкершілік әр көрерменнің өз мойнында екенін айтады (<https://kz.kursiv.media/2021-06-26/kak-i-zachem-v-kazakhstane-snimayut-serialy>).

Қорытынды

Ғалым Н. Богомазованың пікіріне жүгінсек, веб-сериалдардың аудитория дүниетанымының, әлеуметтік көзқарасының қалыптасуына ықпалы зор. Жеке



көрерменнің көзқарасы арқылы әлеуметтік-мәдени кеңістік қалыптасады (Богомазова, 2021). Жоғарыда атап өткеніміздей желілік сериалдар аудиториясы уақыт өткен сайын көбеюде. Бұған фокус-топ нәтижесі де дәдел бола алады (2-кесте). Зерттеу тақырыбымызға орай біздер зиянды әрекеттерді насихаттауға басымдық берген сериалдарды назарға алдық. Алайда интернет кеңістіктегі веб сериалдардың барлығы осындай ұстанымда деген пікір қалыптастыруға болмайды.

«Зиянды әрекеттерді, балағат, анайы сөздерді қоспай-ақ ерекше туынды шығаруға болады. Веб-сериалды көргенде, әдетте, көрермен өзін басты кейіпкермен байланыстырады, желіде онымен бірге өмір сүреді, басқа мәдени ортаға енеді (Рогов, 2022). Ал бұл мәдени әсер көрерменді Интернет кеңістігіндегі кері байланыстың орнауына әкеледі. Сериалдағы сүйікті актерларын желіден іздейді, сол арқылы өмірін бақылайды, ондағы әуендерді жүктеп алып, фан топтарға қосылып байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Деректер сүйенсек, Оңтүстік Корея туындысы «Игра в кальмара» (2021) веб-сериалы шыққаннан кейін корей тілін үйренушілер қатары артқан. Ал 2022 жылы жарық көрген «Элита» испан веб-сериалынан кейін моральдық әділдік мәселесін көтерген жастар саны көбейген.

Веб-сериалдар жаңа буынмен мәдени диалог орнатуға мүмкіндік береді. Бүгінде жастар мәдени өмірдің дәстүрлі түрлеріне қарағанда интернет кеңістіктегі контентке ықыластары зор. Сол себепті сериал авторлары жаңа буын өкілдері түсінетін тілде сөйлесіп, оны заманауи технологиялар мен тәсілдер арқылы толықтыруға күш жұмсап жатыр. Осылайша веб-сериалдар бұқаралық мәдениеттің ең танымал құралына айналды (Прохоров, 2019: 394).

Веб-сериалар Қазақстанда ғана емес әлем бойынша қарқынды жылдамдықпен дамып келеді. Ресурстарды көру саны арқылы қаржы табуда. Ал продюсерлер қазірдің өзінде оларды ауқымды фильмдер кассаларымен, телевизия рейтингісімен салыстырып жүр. Демек, сұраныс бар. Алайда сұраныс жоғары екен деп ұлттық құндылық пен мәдениетімізден асып шеттен шығып кетпеуіміз керек.

Отандық және шетелдік веб-сериалдарға талдау жасай отырып, мынандай қорытындыға келдік:

- Веб-мәдениетті қалыптастыру. Бұл жерде өнімді жеткізу мәдениеті мен оның аудиторияға әсері туралы мәселеге басты назар берілу керек;

- Желідегі отандық өнімді Қазақстандықтар ғана көрмейтінін ескерсек, онда өзге ұлттарға ұлттығымызды көрсететін дүниелерді ұсыну;

- «Әр серия сенімді оқиғадан тұруы керек. Небәрі сегіз минут ішінде адамның басынан өткерген оқиғасын көріп шығуыңыз мүмкін» (Малюкова, 2019). Сериалдарда қолданылатын кейбір сенімсіз эффектілер сенімділікті жояды. Сол себепті оқиға желісіне қатты назар аударылу керек;

- Сериал авторлары жаңа буын өкілдері түсінетін тілде сөйлейміз деп тілге құрмет, сөз құндылығы, сөйлеу мәдениеті деген құндылықтарды ұмытуда. Бұл өскелең ұрпақтың тілдік лексикасына қауіпті екендігін ескерген жөн.

Жоғарыда атап өткеніміздей, веб-сериалдар тәжірибесі алдымен Еуропа елдерінде дамыған. Солардың тәжірибелеріне сүйене отырып, небір отандық туындылар жарық көріп жатыр. Алайда батыстық авторлардың тәжірибесінің дерлігі Қазақстандық нарықта өтімді деп айту қиын. Сол себепті веб-сериалдар өндірісіне сауатты, «ұлттық мүдде» тұрғысына ойлау тәсілдері қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

Богомазова Н.Л. (2021). Цифровизация сферы культуры XXI века: аналитический обзор // Science and education: problems and innovations: сборник статей IX Международной научно-практической конференции. — 27 ноября 2021 г. Пенза: Наука и Просвещение. — 2021. — С. 174. URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=47246665>. — Қаралған күні: 17.01.2023.

Галеева Н. (2022). Что такое веб-сериалы и почему они становятся популярными в Казахстане? <https://the-steppe.com/razvitie/chto-takoe-veb-serialy-i-pochemu-oni-stanovyatsya-populyarnymi-v-kazahstane>. Қаралған күні: — 30.11.2022.

Как и зачем в Казахстане снимают сериалы. <https://kz.kursiv.media/2021-06-26/kak-i-zachem-v-kazahstane-snimayut-serialy/>. Жарияланған күні: 26.06.2021. Қаралған күні: — 22.11.2022.

Klein T. (2014). Web Series – Between Commercial and Non-Profit Seriality. Media Economies. Perspectives on American Cultural Practices. Eds. Hartwig M., Keitel E., Süß G. Trier: WVT. Wissenschaftlicher Verlag Trier. — 2014. — P 14.

Малюкова Л. (2023). Веб-сериалы завоевывают YouTube // Новая газета. — 2019. — № 89. URL: <https://www.novayagazeta.ru/articles/2019/08/12/81581-kak-ne-zaputatsya-v-pautine>. Қаралған күні: 14.01.2023.

Рогов Т. Роль веб-сериалов в развитии современного диалога культур. <https://pure.spbu.ru/ws/portalfiles/portal/96327451/...pdf#page=193>. Қаралған күні: — 27.11.2022.

«Sheker» сериалы. <https://www.youtube.com/playlist?list=PL083gKmQpxkXBXkP7b5UP9tNWUcE-qv4d>.

«Эскорт» сериалы. https://www.youtube.com/results?search_query=%D0%AD%D1%81%D0%BA%D0%BE%D1%80%D1%82+%D1%81%D0%B5%D1%80%D0%B8%D0%B0%D0%BB%D1%8B+.

В сети активно обсуждают казахстанский сериал... <https://ru.sputnik.kz/20210925/V-Seti-aktivno-obsuzhdayut-kazakhstanskiy-serial-ob-eskortnitsakh-18230358.html>. Қаралған күні: — 24.10.2022.

Прохоров А.В. (2019). Веб-сериалы: специфика и ключевые особенности формата. Художественная культура. — 2019. — №3. — С. 394.

REFERENCES

Kak i zchem snimayut v Kazakhstane serialy [How and why TV series are filmed in Kazakhstan]. <https://kz.kursiv.media/2021-06-26/kak-i-zachem-v-kazahstane-snimayut-serialy/>. Zhariyalangan kuni: — 26.06.2021. Karalgan kuni: 11.12.2022.

Klein T. (2014). Web Series – Between Commercial and Non-Profit Seriality. Media Economies. Perspectives on American Cultural Practices. Eds. Hartwig M., Keitel E., Süß G. Trier: WVT. — Wissenschaftlicher Verlag Trier. — 2014. — P 14.

Malyukova L. (2019). Veb-serialy zavoevuyut YouTube [Web series conquers YouTube] // Novaya gazeta. 2019. — № 89. URL: <https://www.novayagazeta.ru/articles/2019/08/12/81581-kak-ne-zaputatsya-v-pautine>. Karalgan kuni: — 14.01.2023.

Galeeva N. (2022). Chto takoye veb-serialy i pochemu oni stanovyatsya populyarnymi v Kazakhstane? [What are web series and why are they becoming popular in Kazakhstan?]. <https://the-steppe.com/razvitie/chto-takoe-veb-serialy-i-pochemu-oni-stanovyatsya-populyarnymi-v-kazahstane>. Karalgan kuni: — 30.11.2022.

Rogov T. (2022). Rol veb-serialov v razvitii sovremennogo kulturnogo dialoga. [The role of web series in the development of modern cultural dialogue]. <https://pure.spbu.ru/ws/portalfiles/portal/96327451/...pdf#page=193>. Karalgan kuni: — 27.11.2022.

«Sheker» TV series. <https://www.youtube.com/playlist?list=PL083gKmQpxkXBXkP7b5UP9tNWUcE-qv4d>.



qv4d. «Escort» series.https://www.youtube.com/results?search_query=%D0%AD%D1%81%D0%BA%D0%BE%D1%80%D1%82+%D1%81%D0%B5%D1%80%D0%B8%D0%B0%D0%BB%D1%8B+.

Kazakhstanskiy serial aktivno obsuzhdayut v seti... [The network is actively discussing the Kazakh TV series...]. <https://ru.sputnik.kz/20210925/V-Seti-aktivno-obsuzhdayut-kazakhstanskiy-serial-obeskortnitsakh-18230358.html>. Karalghan kuni: — 24.10.2022.

Bogomazova N.L. (2021). Tsifrovizatsiya sfery kul'tury XXI veka: analiticheskiy obzor [Digitalization of the sphere of culture of the XXI century: an analytical review] // Science and education: problems and innovations: sbornik statey IX Mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii. 27 noyabrya 2021 g. Penza: Nauka i Prosveshcheniye, — 2021. — P. 174. URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=47246665>. Karalghan kuni: 17.01.2023.

Prokhorov A.V. (2019). Veb-serial: spetsifika i klyucheverye osobennosti [Web series: specifics and key features of the format // Art culture]. — 2019. — No. 3. — P. 394.



**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ
КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖУРНАЛЫ**

**МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЖУРНАЛ ИНФОРМАЦИОННЫХ И
КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ**

**INTERNATIONAL JOURNAL OF INFORMATION AND
COMMUNICATION TECHNOLOGIES**

Правила оформления статьи для публикации в журнале на сайте:

<https://journal.iitu.edu.kz>

ISSN 2708–2032 (print)

ISSN 2708–2040 (online)

Собственник: АО «Международный университет информационных технологий» (Казахстан, Алматы)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Ералы Диана Русланқызы

КОМПЬЮТЕРНАЯ ВЕРСТКА

Жадыранова Гульнур Даутбековна

Подписано в печать 15.12.2022.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.7,0 п.л. Тираж 100
050040 г. Алматы, ул. Манаса 34/1, каб. 709, тел: +7 (727) 244-51-09.